

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Бағалы қағаздармен биржалық
сауда-саттық Ережелеріне

R1 қосымшасы

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" ЖАҚ

Келісілді

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" ЖАҚ Президенті

КАПЫШЕВ Б.Х.

1998 жылдың 26 маусымындағы № 100

Қазақстан Республикасының бағалы
қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы
Директоратының қаулысымен

Бекітілді

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ мүшелері
жалпы отырысының шешімімен

(1998 жылдың 25 мамырындағы
№ 10 хаттама)

Қ а б ы л д а н д ы

1998 жылың 29 маусымынан бастап

Қолданысқа енгізілді

Бағалы қағаздар сауда-саттығы қорытындылары бойынша есептесулердің **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

1998

ТУЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтыру мен өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ мүшелері Жалпы отырысының шешімімен қабылданды (1999 жылдың 07 шілдесіндегі № 3 хаттама);
- Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылдың 24 маусымындағы № 353 қаулысымен бекітілді;
- 1999 жылдың 05 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ "К", "Р", "Н" санатындағы мүшелері отырысының шешімімен қабылданды (2000 жылдың 25 қыркүйегіндегі № 6 хаттама);
- Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылдың 12 қазанындағы № 677 қаулысымен бекітілді;
- 2000 жылдың 19 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздер ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы "Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

4. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2005 жылдың 14 сәуіріндегі № 7 хаттама) "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ көрсетілген биржаның барлық ішкі құжаттарында "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" Жабық акционерлік қоғамы" (кез келген септікте) немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" (кез келген септікте) немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" ЖАҚ" таңбалары "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ" деп ауыстырылды.

Осы Жалпы ережелер бағалы қағаздар мәмілелері бойынша есептесу тәртібі жеке ішкі құжаттармен анықталатын бағалы қағаздарды қоспағанда, биржадағы айналысқа жіберілген бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша есептесулерді жүргізу тәртібін реттейді.

Осы Жалпы ережелерде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:

- **"Биржа"** – "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
- **"Депозитарий"** – "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ *(осы абзац Биржалық кеңестің 2005 жылдың 14 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*;
- **"Депозит" шоты** – бағалы қағаздарды есептеу мақсатында ашылатын шот;
- **"Биржаның сауда жүйесі"** – Биржадағы айналымға жіберілген бағалы қағаздардың баға белгілеуін қамтамасыз етуге арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
- **"Сауда-саттық қатысушысы, Қатысушылар"** – биржалық сауда-саттыққа жіберілген Биржа мүшелері;
- **"Бағалы қағаздар"** – биржалық сауда-саттыққа жіберілген, қолданыстағы заңнама бағалы деп тапқан бағалы қағаздар;
- **"Растау жүйесі"** – Жүйе қатысушыларының атынан жасалған мәмілелердің егжей-тегжейі жайында жүйе қатысушыларына арналған мәліметтерді қалыптастыруға және қатысушылардан растауларды қабылдауға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;
- **"Трейдер"** – Сауда-саттық қатысушысы атынан Биржа сауда-саттығына қатысатын, жеке тұлға.

I бөлім. САУДА-САТТЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ПРОЦЕДУРАЛАР

1 бап. Бағалы қағаздарды оқшаулау

1. Биржалық сауда-саттық екі тәртіптемеде жүргізілуі мүмкін:
 - Биржа сауда-саттығы алдында сатылатын бағалы қағаздарды алдын ала оқшаулау арқылы;
 - Биржа сауда-саттығы алдында алдын ала оқшаулаусыз.
2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген сауда-саттықты өткізу режимін таңдау туралы шешімді Мүшелердің жалпы отырысы немесе Депозитариймен келісілгеннен кейін оның секциясы қабылдайды.
3. Егер бағалы қағаз бойынша алдын ала оқшаулау арқылы сауда-саттықты өткізу режимі белгіленсе, онда Сауда-саттық қатысушылары өздері биржалық сауда-саттық барысында саудаға шығаруға жоспарлаған бағалы қағаздарды оқшаулау тапсырмасын Депозитарийге беруі тиіс.
4. Оқшауланған бағалы қағаздар жайлы хабарламалармен алмасу режимі Депозитариймен келісім бойынша Биржаның жеке құжаттарымен белгіленеді.
5. Егер алдын ала оқшаулаусыз сауда-саттықты өткізу режимі таңдалған болса, онда Биржаның Сауда жүйесінде биржалық сауда-саттық барысында сатылатын бағалы қағаздар көлеміне шектеу қойылмайды.

II бөлім. РАСТАУ ЖҮЙЕСІ

2 бап. Растау жүйесін пайдаланушылар

1. Растау жүйесінің пайдаланушылары Биржада пайдаланушы ретінде тіркелген ұйымдар табылады.
2. Биржада Растау жүйесінің пайдаланушысы ретінде тіркелу үшін бекітілген форма бойынша (№1 Қосымша) өтінішті ресімдеу, сондай-ақ №2 және №3 Қосымшаларға сәйкес формаларды толтыру қажет.
3. Растау жүйесінің пайдаланушысы ретінде тіркелгеннен кейін, Биржа мұндай ұйымға Растау жүйесінің терминалын орнатады. Растау жүйесінің терминалын орнатудың және қолданудың төлем шарттары Биржаның жеке ішкі құжаттарымен анықталады.

3 бап. Растау жүйесі терминалының жұмыс істеу шарттары

1. Растау жүйесі Жүйе пайдаланушысына осы Пайдаланушының депозиттары бойынша жасалған мәмілелер жайында ғана хабарлайды.
2. Мәмілелерді растау Растау жүйесінің терминалы арқылы жүзеге асырылады.
3. Растау жүйесі Пайдаланушысының уәкілетті қызметкеріне берілген жеке пароль арқылы Растау жүйесіне кіру Растау жүйесі Пайдаланушысының өз қызметкері атқаратын барлық әрекеттерінің міндеттемелерін өзіне жүктейтінін білдіреді.

4 бап. Мәмілелерді растау процедурасы

1. Растау жүйесіндегі хабар алмасудың регламенті Мүшелер жалпы отырысының немесе оның секциясының шешімімен белгіленеді.
2. Белгіленген уақыт тәртібіне сәйкес Биржа Растау жүйесінің барлық пайдаланушыларына олардың атынан жасалған мәмілелер жайында мәліметтер таратады. Әрбір мәміле бойынша мәліметтерде келесі параметрлер бар:
 - мәміле бағыты (сатып алу немесе сату);
 - бір бағалы қағаздың құны;
 - бағалы қағаздар саны;
 - мәміле сомасы;
 - бағалы қағаздың ұлттық идентификацияланған нөмірі;
 - мәміле жасаған Сауда-саттық қатысушысының идентификацияланған коды;
 - операцияны жүзеге асыратын “депо” шотының нөмірі;
 - Биржаның Сауда жүйесі беретін мәміле нөмірі;
 - сондай-ақ мәміле параметрлеріне қатысы бар өзге ақпарат.
3. Белгіленген регламент бойынша Растау жүйесінің Пайдаланушылары биржаның Сауда жүйесінде өздерінің атынан жасалған мәмілелердің егжей-тегжейлерін растауға міндетті.
4. Жағымды растау алмаған немесе жағымсыз растау алған мәмілелер растамламаған болып есептеледі.
5. Белгіленген регламент бойынша Растау жүйесі Пайдаланушылары растамаған мәмілелер жөніндегі мәліметтер Пайдаланушылар атынан мәміле жасаған Сауда-саттық қатысушыларына мән-жайды анықтау үшін беріледі.

6. Белгілі бір бағалы қағаздар бойынша Растау жүйесінің пайдаланушысы мәміле бойынша есептесулерді жүргізуден бас тартса, мәміле дереу бұзылады.
7. Расталмаған мәмілені жасаған сауда-саттық қатысушысы регламентте белгіленген уақытта, атына расталмаған мәміле жасалған, Растау жүйесі пайдаланушысынан мәміленің расталғандығын, немесе мәміле бойынша міндеттемелерді өзіне жүктеуге келіскен басқа ұйымның деректемелерін Биржаға ұсынуы тиіс. Егер мұндай ұйым Растау жүйесінің пайдаланушысы болса, онда ол мәміле параметрлерін растауы тиіс.
8. Растау жүйесінің пайдаланушысы бағалы қағаздарды сату мәмілесі бойынша есептесу жүргізуді растаудан бас тартқан кезде, Биржада алдын ала оқшаулау тәртіптемесін қолданған жағдайда, Биржа регламентте белгіленген уақытта расталмаған мәміле бойынша тиісті бағалы қағаздарды оқшаулау үшін Депозитарийге мәліметтер береді, ал Сауда-саттық қатысушысы – сатушы мәміле бойынша міндеттемелерді өзіне алатын ұйымның депо шоттарындағы тиісті бағалы қағаздарды оқшаулауы үшін Депозитарийге тапсырма беруге міндетті.
9. Растау жүйесінің Пайдаланушысы мәміле бойынша есептесулерді өткізуден бас тартқан кезде Сауда-саттық қатысушысы депо-шоттарының жаңа деректемелерін ұсынбаса, Биржа расталмаған мәмілені Сауда-саттық қатысушының жеке депо-шотына расталмаған мәмілені рәсімдейді.

5 бап.

Растау жүйесіндегі тараптардың жауапкершілігі

1. Растау жүйесінің пайдаланушылары атынан жасалған мәмілелер бойынша Биржа алдында Сауда-саттық қатысушылары жауап береді.
2. Растау жүйесі пайдаланушыларының өздерінің атынан жасалған мәмілелерді уақытында растамағаны немесе негізгі растамағаны үшін Сауда-саттық қатысушылары алдындағы жауапкершілік Растау жүйесінің пайдаланушысы мен Сауда-саттық қатысушысының арасындағы екіжақты келісім-шартта ескеріледі.
3. Растау жүйесі терминалдары жұмысының сапасы үшін Сауда-саттық қатысушысының алдында Биржа жауап бермейді. Биржаның қателігінен Растау жүйесі терминалының жұмысындағы ақаулық кетсе, Биржа келтірген шығынға сәйкес Сауда-саттық қатысушысын мүшелік жарналарды төлеуден босатады, алайда келтірілген шығын мөлшеріне қарамастан оны 2 (екі) айдан артық мерзімде босата алмайды.
4. Биржа тек Сауда-саттық қатысушыларына ғана шығынды өтейді, Сауда-саттық қатысушысы өз клиенттерімен пайда болатын мәселелерді регрессиялық тәртіпте шешеді.

III бөлім. ЕСЕПТЕСУ ПРОЦЕДУРАСЫ

6 бап.

Биржалық мәміле бойынша есептесу

1. Мәмілелер бойынша есептесулерді орындау процедурасы Депозитарийдің ішкі нормативті құжаттарымен сипатталады.
2. Депозитариймен хабарлама алмасу регламентін мүшелердің Жалпы шешімі немесе "Бағалы қағаздар сауда-саттығы қорытындылары бойынша есептесу жүргізу регламенті" атты Биржаның ішкі құжатындағы Мүшелердің жалпы жиналысының тиісті секциясы белгілейді (*осы тармақ Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылдың 24 маусымындағы қаулысымен толықтырылды*).

4. *(Осы тармақ Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылдың 24 маусымындағы қаулысымен алынып тасталды).*
5. *(Осы тармақ Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылдың 24 маусымындағы қаулысымен алынып тасталды).*
6. *(Осы тармақ Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылдың 24 маусымындағы қаулысымен алынып тасталды).*
7. *(Осы тармақ Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылдың 24 маусымындағы қаулысымен алынып тасталды).*
8. *(Осы тармақ Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылдың 24 маусымындағы қаулысымен алынып тасталды).*

7 бап. Жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындамау салдары

(Осы бап Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылдың 24 маусымындағы қаулысымен алынып тасталды).

Президент

Д.Б. Карасаев

Бағалы қағаздар сауда-
саттығы қорытындылары
бойынша есептесулердің
жалпы ережелерінің

1 қосымшасы

(Осы Қосымша Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді).

"Қазақстан қор
биржасы" АҚ

Ө Т І Н І Ш

Біз, [ұйымның толық атауы], осы хатқа сәйкес Растау жүйесінің қатысушысы ретінде бізді тіркеуіңізді сұраймыз.

Біз "Бағалы қағаздармен сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесулердің жалпы шарттары" атты Биржаның құжатында баяндалған Растау жүйесі жұмысының ережелерімен таныстық және бұл құжаттан туындайтын барлық міндеттемелерді мойнымызға аламыз.

Бірінші жетекші

Бас есепші

М.О.

Бағалы қағаздар сауда-саттығы қорытындылары бойынша есептесулердің жалпы ережелерінің

2 қосымшасы

(Осы қосымша Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылдың 12 қазанындағы қаулысымен; Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді).

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Ө Т І Н І Ш

(баспа әріптерімен немесе баспа машинкасымен толтыруыңыз; жетпегенін жазыңыз, артығын сызып тастаңыз)

Осы хатпен, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-да ашылған депо-шоттары арқылы жасалатын мәмілелердің біздің тарапымыздан міндетті түрде расталуы тиіс екендігін, сондай-ақ осы шоттар бойынша операцияларды жасай алатын тиісті сауда-саттық жүргізуші Биржа мүшелерінің тізімдерін мәлімдейміз.

Растау жүйесінің қатысушысы (толық атауы)	Бастапқы дилер
	Кастодиан
	Бастап қолданыста [күні]
	Бұрын ұсыныланға қосымша
	Бұрын ұсынылғанның орнына

Биржа мүшелесінің атауы	Депозиттің нөмірі

Бірінші жетекші

_____ (аты-жөні)

Бас есепші

_____ (аты-жөні)

М.О.

Бағалы қағаздар сауда-саттығы қорытындылары бойынша есептесулердің жалпы ережелерінің

3 қосымшасы

(Осы қосымша Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылдың 12 қазанындағы қаулысымен; Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді).

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТІЗІМІ

(баспа әріптерімен немесе баспа машинкасымен толтыруыңыз; жетпегенін жазыңыз, артығын сызып тастаңыз)

Биржаның Растау жүйесі терминалымен жұмыс істеуге уәкілетті қызметкерлер тізімін хабарлаймыз.

Растау жүйесінің қатысушысы (толық атауы)	Бастапқы дилер
	Кастодиан
	Бастап қолданыста [күні]
	Бұрын ұсыныланға қосымша
	Бұрын ұсынылғанның орнына

№Нр/н	Лауазымы, телефоны	Аты-жөні, тегі	Қол қою үлгісі

Бірінші жетекшісі

_____ (аты-жөні)

Бас бухгалтері

_____ (аты-жөні)

М.О.